

## МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ

*Арыстанова С.А., Көшербай Ж.Ж.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық қ.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» делінген. Жаңа қазақстандық патриотизм мазмұнын былайша түсіндіруге болады. Ол ең алдымен мемлекет мақсаттары мен халық мақсаттарының бірегейлігі, олардың бір-біріне деген өзара сенімділігі және бірге жұмыс істеуге даярлығы, ел үшін оның жеткен жетістіктері үшін мақтаныш, олардың болашаққа деген әлеуметтік сенімі мен халықтың рухани бірлігі /1/.

Елбасымыздың жолдауына сәйкес біз балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуіміз керек. Әрбір бала үшін патриотизм аса маңызды құндылықтардың бірі болып есептелінуі тиіс. Сол себепті біз бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруды аса маңызды мәселе ретінде көреміз. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында патриотизмнің негізін құраушы жалпыұлттық құндылықтарды сөз етті. Жолдауда егеменді дамудың 22 жылында барша Қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтардың жасалғанын ашып көрсетті. Бұл құндылықтарға Қазақстанның тәуелсіздігі және астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім; зайырлы қоғам және руханият; инновацияларға негізделген экономикалық өсім; жалпыға ортақ еңбек қоғамы; тарихтың мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігін жатқызады /2/.

Жастарға рухани тәрбие беріп, білім беру адам дамуының тәндік, жандық, рухани үйлесімділігін, өмірді құндылық деп түсінуін, өзін табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуін, жердегі тіршілікті сақтау үшін, өз Отанының патриоты болу үшін мектеп пәндерінің ішінде биология пәнінің алатын орны ерекше.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Қазақстан тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі мекемелерге берілуде. Алайда тарихтың ақтаңдақтарын жеткіліксіз оқып-үйрену, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елітіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды. Біздің ойымызша, одан шығудың басты жолы – қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу /3/.

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әри-

не, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт – жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» – деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процестерін тәңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қарқынды дамуы тәрбие процесін жөнге келтіру мен оның бағыттарын айқындаудың қажеттілігін нақты түрде ұғынуға әкелді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру мен денсаулық сақтау ісінің дамытылуының «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы басым бағыттар қатарына азаматтылықты, еңбексүйгіштікті, адамгершілікті, адам құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауды, Отанға, отбасына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған білім берудің тәрбиелік қызметін қосады. Мемлекетіміздің жоғары мектептері де осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие ісімен белсенді айналысуда.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013.

2 Білім әлемінде: журналы. – 2014. – №1. – 49 б.

3 «Ақтөбе»: газеті. – 2013 ж. №3.

#### **К ВОПРОСУ О ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ ВУЗА КАК ОДНОЙ ИЗ СОСТАВЛЯЮЩЕЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ**

*Асанова А.Б.,*

*Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай*

Одной из особенностей современного общественного развития являются интеграционные процессы во всех сферах жизни, что выражается в интенсификации международного сотрудничества, культурного взаимодействия, возрастающей мобильности населения, превращающих многие страны в поликультурные сообщества, а также в движении за социальное равенство, что приводит к признанию прав все большего числа разнообразных социальных групп. В современном обществе наблюдается усиление интереса к поликультурному воспитанию студентов вуза, направленное на формирование созидательной деятельности специалистов, готовых к сотрудничеству, терпимости к чужому мнению, умеющих вести диалог и находить содержательные компромиссы, стремящихся к взаимопониманию и неконфликтному сосуществованию с представителями разных культур.